

"Қазгеология" ұлттық геологиялық барлау компаниясы" акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы № 684 Қаулысы

Республика аумағын оңтайлы игеруді қамтамасыз ету, халықтың тіршілігі үшін қолайлы жағдай жасау және келешек буынның қоры үшін жаңа минералдық-шикізат базасын құру, сондай-ақ Каспий қайраңының қазақстандық секторында Қазақстанның экономикалық және геосаяси мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - қоғам) құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып белгіленсін:

- 1) республиканың минералдық шикізат базасын ұдайы өндіру;
- 2) геологиялық барлау жұмыстары саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысу;
- 3) пайдалы қазбалар кенорындарын іздестіруді және бағалауды қоса алғанда, жер қойнауын геологиялық зерделеуді жүргізу;
- 4) геология саласында ғылымды қажетсінетін және тиімді жаңа технологияларды өзірлеу және енгізу;
- 5) алынатын геологиялық ақпараттың деректер банкін сақтау, өңдеу, жүйелендіру;
- 6) қоғамға берілетін геология саласы ұйымдарының акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) тиімді басқару.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруға 2011 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 75600000 (жетпіс бес миллион алты жүз мың) теңге мөлшерінде қаражат бөлінсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қоғамның жарғылық капиталын осы қаулының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінетін қаражаттан 75600000 (жетпіс бес миллион алты жүз мың) теңге мөлшерінде қалыптастыруды қамтамасыз етсін;

2) қоғамның жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) қоғам әділет органдарында тіркелгеннен кейін қоғам акцияларының мемлекеттік

пакетін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының жарғылық капиталына төлеуге (көбейтуге) беруді қамтамасыз етсін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. «Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 376 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 36-жолмен толықтырылсын:

«36. «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» акционерлік қоғамы».

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов